

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 және 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 мамырдағы N 887. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысының қосымшасына:

"Реформаларды заңдық қамтамасыз ету" деген VII бөлімде, реттік нөмірі 111, мына жолдар алынып тасталсын:

"Жастар туралы" Заң жобасы, наурыз Жастурспортмині,  
Үкімет 1997 ж. Әділетмині",  
қаулысы

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы Заң жобасы жұмыстарының жобасына: реттік нөмірі 30, жолдар алынып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*